

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1472 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1490 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 131 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 131 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1672 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 45, 432-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбы мен 1-тармақтағы «көрсету» деген сөз алынып тасталсын;  
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І : » ;**

көрсетілген қаулымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

|                         |                          |                                      |
|-------------------------|--------------------------|--------------------------------------|
|                         | <i>Қ а з а қ с т а н</i> | <i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i> |
| <i>Премьер-Министрі</i> | <i>К. Мәсімов</i>        |                                      |
| Қ а з а қ с т а н       | Р е с п у б л и к а с ы  |                                      |
| Ү к і м е т і н і ң     |                          |                                      |
| 2010                    | жылғы                    | 31 желтоқсандағы                     |

№ 1 4 9 0 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 26 қазандағы  
№ 1 6 7 2 қаулысымен  
бекітілген

**«Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда,  
автокөлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу  
белгілерін беру» мемлекеттік қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметті осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшелері (бұдан әрі - ТЕБ ) ұсынады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет:

1) «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 10-бабы;

2) «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 15-бабы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметтің үлгі стандарты;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысымен бекітілген Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізілімінің 65-тармағы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Үкіметтің электрондық порталында;

2) электрондық Үкіметтің порталында;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ИМ) веб-сайттарында ([www.mvd.kz](http://www.mvd.kz));

4) облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ИД) веб-сайттарында, осы стандарттың 1 - қосымшасында көрсетілген ТЕБ үй-жайларында, стендтерде және ақпараттық тақталарда орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызметтің аяқталу түрі автокөлік құралдарын тіркеу немесе, қайта тіркеу және көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер (бұдан әрі - КҚТК)

және мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгілерін (бұдан әрі - МНТБ) беру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжі жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет басқа мемлекеттерде тіркелген және 2 айдан артық мерзімге Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген көлік құралдарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға, заңды тұлғаларға, оның ішінде көлік құралдары бар шетел азаматтарына к ө р с е т і л е д і .

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) тұтынушы осы Стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 сағаттан аспауы тиіс;

2) өтініш беруші жүгінген күні сол жерде көрсетілетін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты ең көп дегенде 30 минуттан аспауы тиіс;

3) өтініш беруші жүгінген сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің уақыты 40 минуттан аспауы тиіс.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін мемлекеттік баж төленеді, ол «Салық және бюджетке төленетін (бұдан әрі - Салық кодекс) басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес:

1) КҚТК-ны бергені үшін - мемлекеттік баж төленетін күні ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) 125 пайызын;

2) автомобильге арналған МТНБ үшін - АЕК-нің 280 пайызын;

3) мотокөлікке, автомобиль тіркемесіне арналған МТНБ үшін - АЕК-нің 140 п а й ы з ы н ;

4) көлік құралдарын екінші жерге жеткізуге арналған «транзит» нөмірлік белгісі үшін АЕК-нің 35 пайызын құрайды.

Бұдан басқа, Салық кодексінде көлік құралдарын тіркеу үшін мемлекеттік алым көзделген, ол тіркелетін (қайта тіркелетін) әрбір көлік құралы, сондай-ақ КҚТК телнұсқасын алған кезде айлық есептік көрсеткіштің төрттен бір бөлігін қ ұ р а й д ы .

Мемлекеттік баж және мемлекеттік алым Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар төлемнің көлемі мен төленген күнін растайтын тө л е м қ ұ ж а т т а р ы н б е р е д і .

9. Мемлекеттік қызмет аптасына бес күн көрсетіледі. (сейсенбі - жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-дан 14.30-ға дейін, сенбі күні 08.00-ден 16.00-ге дейін, түскі үзіліс 12.00-дан 13.00-ға дейін). Қабылдау кезек ретімен, алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз жүзеге а с ы р ы л а д ы .

10. ТЕБ-тің қызмет көрсететін орны ғимараттың бірінші қабатында орналасады, ішкі істер органдарының басқа бөліністерінен бөлек кіретін есігі,

кабылдауды күту орындары, құжаттарды ресім үстелдері (тағандар), орындықтары, қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері ілінген стенділермен жабдықталған залы болады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қызмет тікелей өтініш беруші тұрған жерде көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші ТЕБ қызметкеріне мынадай құжаттар ұсынуы қажет:

- 1) көлік құралын тіркеу бланкісінде толтырылған өтініш;
- 2) көлік құралын тіркеу бланкісінде толтырылған ұйымның мөрімен бекітілген заңды тұлғаның өтініш;
- 3) тіркеу іс-қимылдарын жасау үшін жүгінген адамның жеке басын куәландыратын құжат, жеке куәлікте тұрғылықты мекенжайы көрсетілмеген жағдайда - қосымша тұрғылықты тұратын жерін растайтын құжат (Азаматтарды тіркеу кітабы не мекенжай бюросынан анықтама);
- 4) Салық кодексінде айқындалған баж бен алымдарды төлеу туралы құжаттар ;

5) мыналарды :

- 6) салық төлеушілер үшін - Салық Кодексінде белгіленген тәртіппен көлік құралдарына салық төленгендігін;
- 7) Салық кодексіне сәйкес салық төлеуші болып табылатын адамдар үшін - салық төлеуден босатылуға құқықты растайтын құжаттар;
- 8) шаруашылық жүргізетін субъектіні тіркеу туралы куәліктің немесе ұйымның заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге де құжаттың бекітілген көшірмесі ;

9) көлік құралына берілген тіркеу құжаты;

10) өндіруші зауыттардың немесе Қазақстан Республикасының шегінде көлік құралына арнайы (немесе мамандандырылған) жабдық орнатқан кәсіпорындардың қабылданылу-тапсыру актілері, сертификаттары немесе әкелінген жабдыққа арналған тиісті кедендік құжаттар, сәйкестік сертификаты.

11) кері әкету міндеттемесімен Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралдарының МТНБ, «Транзит» белгілері және тіркеу құжаттары;

12) көлік құралына нөмірлік агрегатқа меншік құқығын растайтын құжат.

Көлік құралдарына, нөмірлі агрегаттарға растайтын құжаттар:

1) кедендік ресімдеуден өткендігін растайтын құжаттар (жүк кедендік декларациясы, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелінген жағдайда кері әкету міндеттемесі) ;

2) халықты әлеуметтік қорғау органдары беретін құжаттар;

3) орындауға жататын мемлекеттік орган сот шешімінің іс-әрекеттері туралы сот орындаушысының хабарламасы, қаулысы сот куәландырған көшірмесін қоса беру мен о р ы н д а у п а р а ғ ы ;

4) келісім-шарттар, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар, азаматтық заңнама талаптарына сәйкес нотариалды жасалған;

5) заңды тұлғаның өз құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға көлік құралын бөлу және беру туралы мөрмен бекітілген бұйрығы (өкімі) ;

МТНБ тіркеу, қайта тіркеу және беру кезінде өтініш берушілер нөмірлі агрегаттардың есепке алу деректеріне және жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында көлік құралдарын ТЭБ-ге тексеруге ұ с ы н а д ы .

Көлік құралдарын тіркеу Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық корпустарда және олардың дипломатиялық қорғанышы бар қызметкерлеріне, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы филиалдары мен өкілдіктеріне, шетелдіктер қатысатын кәсіпорындарға көлік құралдарын тіркеу Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі ұйымдары арқылы жүргізіледі.

12. Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген өтініш бланкілерін ТЕБ қызметкері береді, ол да ІІМ-нің және ІІД-нің веб-сайттарында орналастырылған.

13. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметтерді алу үшін қажетті құжаттар ТЕБ-ке тапсырылады.

14. Құжаттарды тапсырғаннан кейін өтініш берушінің өкіліне осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті құжаттарды оның тапсырғандығы туралы талон беріледі.

15. КҚТК және МТНБ көлік құралының өтініш берушісі олардың жеке қолдары КҚТК және МТНБ беретін тізілімге қойылып, жеке басын куәландыратын құжатты (сенімхат) көрсеткеннен кейін беріледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден:

1) өтініш (өтініш берушінің өкілі) көлік құралын және осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;

2) көлік құралдары конструкциясына стандарттар мен қағидалардың талаптарын бұза отырып өзгерістер енгізілген жағдайда бас тартылады.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. ТЕБ қызметі тұтынушылардың конституциялық құқықтарының сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, құжаттардың

сақталуын, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттық қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Тұтынушы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшейді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін ТЕБ жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері ІІМ-нің тиісті бұйрығымен жыл сайын бекітіледі.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Уәкілеттік берілген лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіруді және шағым дайындауда жәрдемдесуді осы стандарттың 4-қосымшасында көрсетілген сенім телефондары арқылы алуға б о л а д ы .

21. ТЕБ қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы стандарттың 4-қосымшасында көрсетілген қалалық, аудандық ішкі істер басқармаларының (бөлімдерінің), ІІД-нің, ІІМ Жол полициясы комитетінің, ІІМ-нің жоғары тұрған басшылығына белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда шағым ІІД-нің жол полициясы басқармасы тіркеу-емтихан бөлімшесінің бастығына жұмыс күндері беріледі.

23. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдану құқығы бар.

24. Шағым құзыретіне шағымдағы мәселелерді шешу кіретін субъектіге немесе лауазымды адамның атына берілуі тиіс.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы, заңды тұлғаның - оның атауы, пошта мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға тұтынушы қол қоюы тиіс. Шағым берген кезде субъектінің немесе іс-әрекетіне шағым берілетін лауазымды адамдардың лауазымы, тегі мен аты-жөндері, жүгіну себептері және талабы көрсетіледі.

25. Келіп түскен шағым ішкі істер органының ақпаратты есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Өтініш иесіне күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып, осы стандартқа 5-қосымшада көрсетілген талон б е р і л е д і .

Шағымды қарау нәтижелері туралы өтініш иесіне жазбаша түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

26. ІІМ Жол полициясы комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 4, веб-сайт: [www.zholpolice.kz](http://www.zholpolice.kz), кезекші бөлімнің телефоны: (7172) 71-58-68, сенім телефоны: (7172) 71-58-25.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2010 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1490 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2009 жылғы 26 қазандағы

№ 1672 қаулысымен бекітілген

мемлекеттік қызмет көрсету стандартына

1-қосымша

| Қазақстан Республикасы Үкіметінің web-сайты |                               |                                                    | <a href="http://www.e.gov.kz/ctitzenty/trav/vehicles">http://www.e.gov.kz/ctitzenty/trav/vehicles</a> |                                                                       |
|---------------------------------------------|-------------------------------|----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|
| Аймақ                                       | ТЕҚП                          | Мекен-жай                                          | телефон                                                                                               | web-сайт                                                              |
| Астана қаласы                               | ІІМ ЖПК ТЕП                   | Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі 4.                | 71-58-59,<br>21-11-03                                                                                 | <a href="http://www.zholpolice.kz">http://www.zholpolice.kz</a>       |
|                                             | ІІД ЖПБ ТЭБ                   | Алматы ауданы, Промзона көшесі 35.                 | 71-69-90<br>53-22-40                                                                                  | <a href="http://www.ast_guvd.mvd.kz">http://www.ast_guvd.mvd.kz</a>   |
|                                             | ТЕП                           | Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жаңа жол көшесі, 6 | 54-57-53                                                                                              |                                                                       |
|                                             | ЕП                            | Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 1               | 71-51-06                                                                                              |                                                                       |
| Алматы қаласы                               | Алматы қаласының ІІД ЖПБ ТЕЖБ | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 185 «В»         | 2544525<br>2544541<br>2544551                                                                         | <a href="http://www.almaty.police.kz">http://www.almaty.police.kz</a> |
|                                             | АТЕП-1                        | Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 176 «А»          | 3973387<br>3973384                                                                                    |                                                                       |
|                                             | АТЕП-2                        | Алматы қаласы, Сүйінбай көшесі 2                   | 2705911<br>2705912                                                                                    |                                                                       |
|                                             | АТЕП-3                        | Алматы қаласы, Алматы-Бішкек тас жолы, 13 шақырым  | 3510298                                                                                               |                                                                       |
|                                             | АТЕП-4                        | Алматы қаласы, Төлеби көшесі 296                   | 3150256<br>3510247                                                                                    |                                                                       |
|                                             | ТП-1 (мемлекеттік көлік)      | Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 176 «А»          | 3973382                                                                                               |                                                                       |
|                                             | ТП-2                          | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 185              | 2544518                                                                                               |                                                                       |
|                                             | ТП-3                          | Алматы қаласы, Мамыр-4 шағын ауданы, 165 үй        | 3800230<br>3800232                                                                                    |                                                                       |
|                                             |                               |                                                    |                                                                                                       |                                                                       |

|               |                                                                           |                                                                   |                               |                                                                              |
|---------------|---------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|
|               | ОТЕЖБ есептік тобы                                                        | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 185                             | 2544558                       |                                                                              |
|               | ОТЕЖБ емтихандық топ                                                      | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 185                             | 2544543                       |                                                                              |
|               | Арнайы ТЕБ                                                                |                                                                   | 2 5 7 9 0 5 4<br>2579374      |                                                                              |
| Ақмола облысы | ІІД ЖІБ ТЭБ                                                               | Көкшетау қаласы, Уәлиханов көшесі 179                             | 8(7162)29-98-10,<br>29-98-21  | <a href="http://www.akmdvd.online.kz">http://www.akmdvd.<br/>online.kz</a>   |
|               | ІІД ЖІБ АТЕБ                                                              | Астана қаласы, Ақжол көшесі 18/а                                  | 8(7172)54-61-77               |                                                                              |
|               | Ақкөл АІБ АТЕБ                                                            | Ақкөл қаласы, Парк көшесі 2                                       | 8(71638)2-16-38               |                                                                              |
|               | Атбасар АІБ АТЕБ                                                          | Атбасар қаласы, Урицкий көшесі 38                                 | 8(71643)4-29-43               |                                                                              |
|               | Жарқайың АІБ ТП                                                           | Державинск қаласы, Захаров көшесі 33                              | 8(71648)9-21-99               |                                                                              |
|               | Есіл АІБ АТЕБ                                                             | Есіл қаласы, Жеңіс көшесі 58                                      | 8(71647)2-22-77               |                                                                              |
|               | Степногорск ҚІБ АТЕБ                                                      | Степногор қаласы, 5 шағын аудан                                   | 8(71645)5-91-22               |                                                                              |
|               | Бурабай АІБ АТЕП                                                          | Шучье қаласы, Абылай хан көшесі 1а                                | 8(71636)4-25-22               |                                                                              |
| Алматы облысы | Орталық ТЕБ,<br>Талдықорған қаласы, 7 шағын аудан, ІІД ЖІБ ғимараты       | ҚІБ, Талдықорған қаласы, Абай көшесі 249                          | 8(7282)27-05-72,<br>21-18-24  | <a href="http://www.zhetisu-police.kz">http://www.zhetisu-<br/>police.kz</a> |
|               | Талғар АІБА АТЕБ,<br>Гүлдала кенті,<br>Алматы-Кокпек-Көктап тас жолы, ЖІБ | Талғар ауданының АІБ,<br>Талғар қаласы, Абылай хан көшесі, 120    | 8(7272)57-43-06<br>, 57-33-80 |                                                                              |
|               | Қапшағай ҚІБ ЖП АТЕБ, Қапшағай қаласы, Сейфуллин көшесі 36                | Қапшағай қаласының ҚІБ,<br>Қонаев көшесі 14                       | 8(72772) 4-24-88              |                                                                              |
|               | Еңбекшіқазақ АІБ АТЕБ, Есік қаласы Алтын Адам аллеясы 163                 | Еңбекшіқазақ ауданының АІБ,<br>Есік қаласы, Топатаев көшесі, 105а | 8(7275)4-22-59                |                                                                              |
|               | Шелек селосы ТЭП, Шелек селосы, Иманниязов көшесі 1                       | Еңбекшіқазақ ауданының АІБ,<br>Шелек селосы, Б.Момышұлы көшесі 97 | 8 (72776)<br>2-08-64          |                                                                              |
|               | «Меркур» АТЕП, Алматы қаласы, Майлин көшесі 79                            | Іле ауданының АІБ, Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, 14     | 8(727)251-25-69               |                                                                              |
|               | Сарқанды қаласының АТЕБ, Сарқанды қаласы Тәуелсіздік көшесі 126           | Сарқанд ауданының АІБ,<br>Сарқанд қаласы, Жамбыл көшесі 42        | 8(7283)92-15-84               |                                                                              |
|               | Панфилов АІБ АТЕБ, Жаркент қаласы, Қонаев көшесі 309                      | Жаркент ауданының АІБ,<br>Жаркент қаласы, Жансүгіров көшесі 102   | 8(7283) 15-28-27              |                                                                              |



|                  |                                                                                                     |                                                                         |                                                     |                                                                 |
|------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
|                  | «Шонжы» ТЕП<br>Шонжы селосы,<br>Исламов көшесі 40                                                   | Ұйғыр ауданының АІБ,<br>Шонжы селосы, А. Арзиев<br>көшесі 51            | 8(7277)82-36-53                                     |                                                                 |
|                  | Қарасай АІБ АТЕБ,<br>Қаскелең қаласы,<br>Наурызбай батыр<br>көшесі 1а                               | Қарасай ауданының АІБ,<br>Қаскелең қаласы, Абылай хан<br>көшесі 98      | 8(7272)98-36-07                                     |                                                                 |
|                  | «Барыс» ТП<br>Алматы-Бішкек тас<br>жолының 23 км «БН<br>автомобиль базары»,<br>Көбелеков көшесі, 1а | Қарасай ауданының АІБ,<br>Қаскелең қаласы, Абылай хан<br>көшесі 98      | 8(7272)98-55-04                                     |                                                                 |
|                  | «Жаксылық» ТП,<br>Қапшағай көшесі 28                                                                | Іле ауданы, Өтеген батыр кенті<br>, Батталханов көшесі 14               | 8(7272)51-12-65                                     |                                                                 |
|                  | ЖП ЖТЕП,<br>Жылжымалы ЖТЕП,<br>Гүлдала кенті                                                        | Жылжымалы пункт                                                         |                                                     |                                                                 |
| Атырау<br>облысы | ІІД ЖІБ ТЕЖБ                                                                                        | Атырау қаласы, СПМ-136,<br>Гогичашвили көшесі 25                        | 8 ( 7 1 2 2 )<br>98-17-07,<br>98-17-15,<br>98-17-37 | <a href="http://www.dvd-atyrau.kz">http://www.dvd-atyrau.kz</a> |
|                  | ІІД ЖІБ ТЕП                                                                                         | Атырау қаласы, Элеваторная<br>көшесі, 7 а, «БІПЕК Авто»<br>ЖШС ғимараты | 8 ( 7 1 2 2 )<br>30-16-52,<br>75-51-44              |                                                                 |
|                  | Жылыой АІБ ТЕП                                                                                      | Құлсары қаласы, Бисенқұлов<br>көшесі, 64                                | 8(7237) 5-19-21                                     |                                                                 |
|                  | Құрманғазы АІБ ТЕП                                                                                  | Ганюшкино селосы, Абай<br>көшесі 37                                     | 8(712233) 2-14-79                                   |                                                                 |
| Ақтөбе<br>облысы | ІІД ЖІБ ТЕБ                                                                                         | Ақтөбе қаласы, Ақтөбе қаласы,<br>Ә.Молдағұлова даңғылы 56               | 8(7132)51-84-24,<br>51-28-26                        | <a href="http://www.dvdaktobe.kz">http://www.dvdaktobe.kz</a>   |
|                  | Хромтау АІБ АТЕТ                                                                                    | Хромтау қаласы, Абай<br>даңғылы 11                                      | 8(71336)21-6-98                                     |                                                                 |
|                  | Мұғалжар АІБ АТЕТ                                                                                   | Қандыағаш қаласы, Жамбыл<br>көшесі 74а                                  | 8(71333)36-4-48                                     |                                                                 |
|                  | Шалқар АІБ АТЕТ                                                                                     | Шалқар қаласы, Есет батыр<br>көшесі 88                                  | 8(71335)2-33-80<br>2-20-90                          |                                                                 |
|                  | Темір АІБ АТЕТ                                                                                      | Шұбарқұдық кенті, Желтоқсан<br>көшесі 6                                 | 8(71346)2-23-72                                     |                                                                 |
|                  | ІІД ЖІБ ТЕБ                                                                                         | ШҚО, Өскемен қаласы,<br>Тәуелсіздік даңғылы 73/1                        | 8 ( 7 2 3 2 )<br>77-46-86,<br>77-69-88              |                                                                 |
|                  | ТП № 1                                                                                              | ШҚО, Өскемен қаласы,<br>Объездное тас жолы, 2                           | 8 (7232)-230537                                     |                                                                 |
|                  | ТП № 2                                                                                              | ШҚО, Өскемен қаласы,<br>Тәуелсіздік даңғылы 92/1                        | 8(7232)-753744                                      |                                                                 |
|                  | ТП № 3                                                                                              | ШҚО, Өскемен қаласы, Абай<br>даңғылы 97                                 | 8(7232)-753744                                      |                                                                 |

|                        |                         |                                         |                                 |                                                                   |
|------------------------|-------------------------|-----------------------------------------|---------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| Шығыс Қазақстан облысы | Семей қаласы ІІБ ТЕБ    | Семей қаласы, Морозов көшесі 5          | 8 (7222) 56-67-22               | <a href="http://www.02vko.kz">http://www.02vko.kz</a>             |
|                        | Семей қаласы ІІБ № 1 ТП | Семей қаласы, Қаржаубайұлы, 249         | 8(7222)51-53-66                 |                                                                   |
|                        | Бородулиха АІБ ТЕП      | Бородулиха селосы, Мир қиылысы, 14      | 8 (723)51-21-287                |                                                                   |
